

Университетке студенттер қатарына қабылдауды қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 10 тамызынан 25 тамызына дейін жүзеге асырады және Басқарма Төрағасы – Университет Ректорының тиісті бұйрығымен рәсімделеді.

1. Қабылдау комиссиясына оқуға түсушілер қабылдау туралы өтінішімен бірге мыналарды қоса береді:

жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімі туралы құжат, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

көлемі 3x4 сантиметр және электронды форматтағы алты фотосурет jpg.

ҚР ДСМ- 175/2020 бұйрығымен бекітілген электронды нұсқадағы 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама, флюорография суреті;

ҰБТ сертификаты;

ведомостан үзінді көшірме (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша оқуға түсушілер үшін);

білім беру грантын тағайындау туралы куәлік (бар болса).

2. I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар қатарындағы азаматтар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын адамдар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары басым құқық пен квотаның берілгендігін растайтын қосымша құжаттар ұсынады.

3. Техникалық және кәсіптік білімі туралы құжаттары бар тұлғалар, орта білімнен кейінгі біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар келесі құжаттардың бірін қосымша тапсырады:

еңбек кітапшасының көшірмесі (түпнұсқасы салыстыру үшін ұсынылады);

қызметтік тізім (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі), жұмыс беруші қол қойған, ұйымның мөрімен расталған (бар болса);

қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын мұрағаттық анықтама,

жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек шарты;

4. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау туралы куәлік алған тұлғалар қабылдау туралы өтініш береді және Басқарма Төрағасының –

Университет Ректорының тиісті бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

5. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері куәлікте көрсетілген университетке оқуға түсуге өтініш береді және университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері шығармашылық емтихандарын тапсырған университетке қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түсетін Қазақстан Республикасының азаматтары кемінде 3 (үш) жыл еңбекпен өтеу туралы шарт жасасады. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 "Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығындарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушыларды Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбекпен өтеу міндетінен босату қағидаларын бекіту тәртібі туралы" және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 "Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі «бакалавр" немесе "магистр" дәрежесін беру бойынша төлем жасау үшін білім грантын беру қағидаларын бекіту тәртібі туралы" бұйрығы.

Университетке қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары және тіл бөлімдері бойынша бөлек жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихандары белгіленген жоғары білімнің БББ-на қабылдау Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) және шығармашылық емтихандар бойынша ҰБТ балдары ескеріле отырып жүргізіледі.